

**Акционерлердің жалпы жиналысының алдын ала әзірленген күн тәртібі:**

1) 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың «Жылдық қаржылық есептемесін бекіту және «KEGOC» АҚ дивидендтерін төлемеу туралы шешім қабылдау туралы;

2) Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғалары қызметіне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.

**2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың «Жылдық қаржылық есептемесін бекіту және «KEGOC» АҚ дивидендтерін төлемеу туралы шешім қабылдау туралы» «KEGOC» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіндегі мәселесі бойынша ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жылдық қаржылық есептемені бекіту және қоғамның таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және қоғамның бір акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау жатады.

2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл ішіндегі Қоғамның жылдық қаржылық есептемесіне аудитті «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы жүзеге асырды.

«Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізген аудиторлық тексеруге сай шоғырландырылған қаржылық есептеменің барлық маңызды аспектілерінде Қоғамның 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептеменің стандарттарына сәйкес көрсетілген мерзіммен аяқталған жыл ішіндегі Қоғамның қаржылық көрсеткіштері мен ақшалай қаражаттардың қозғалысы дұрыс көрсетілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептемеге сай 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Қоғамның активтері 595 336 614 мың теңгені, міндеттемесі – 254 360 000 мың теңгені, капиталы – 340 976 614 мың теңгені құрады. 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл ішіндегі Қоғамның табысы 115 140 178 мың теңгені, шығыстары – 125 087 249 мың теңгені, пайда салығына берілген жеңілдік – 2 167 498 мың теңгені, таза шығын – 7 779 573 мың теңгені құрады.

«KEGOC» АҚ-ның дивидендтік саясаты туралы» ереженің 6-бабына сай тиісті қаржылық жыл ішіндегі немесе жарты жыл ішіндегі таза табыс немесе ХҚЕС сәйкес жасалған Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде есептеліп, бөлінбеген пайда дивидендтерді төлеу көздері болып табылады. Сондықтан қарыз қаражаттарымен ұсынылған және шетел валютасында белгіленген міндеттемелердің айтарлықтай көлемінің болуы жағдайында валюталық тәуекелді іске асыруға байланысты Қоғамда 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жинақталып қалған шығынның болуына орай Директорлар кеңесінің шешімімен «KEGOC» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысына 2015 жылғы дивидендтер төленбесін.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 36-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес қоғамның жай акциялары

бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының жылдық қаржылық есептемені бекітуі акционерлер мен өзге мүдделі тұлғалар алдындағы Қоғамның қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толығымен ашып көрсету бөлігінде корпоративтік басқару деңгейінің әлсірейтін тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы аталған мәселе бойынша шешім қабылдаған жағдайда әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар күтілмейді.

4. Қоғамның 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың қаржылық есептемесін бұрын Директорлар кеңесі 2016 жылғы 25 наурызда алдын ала бекіткен болатын (№ 3 хаттама).

**2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың «Жылдық қаржылық есептемесін бекіту және «KEGOC» АҚ дивидендтерін төлемеу туралы шешім қабылдау туралы» «KEGOC» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіндегі мәселесі бойынша шешімі**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 7) және 9) тармақшаларына, «KEGOC» АҚ Жарғысының 21-бабы 1-тармағының 11) және 13) тармақшаларына, «KEGOC» АҚ-ның дивидендтік саясаты туралы» ереженің 6-бабына сәйкес **Акционерлердің жалпы жиналысы ШЕШТІ:**

1. «KEGOC» АҚ-ның 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдың қаржылық есептемесі бекітілсін.

2. «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының жай акциялары бойынша дивидендтер төленбесін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Қажиев Б.Т. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы шешімді іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

**«Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғалары қызметіне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы» Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2) тармағының 3) тармақшасы мен «KEGOC» АҚ Жарғысының 15-бабы 3-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының қызметіне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары жөніндегі мәселелер қаралады.

2015 жылғы қаңтардың 1-і мен желтоқсанның 31-ін қоса алған аралықта акционерлерден «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының қызметіне қатысты өтініштер түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі – Акционерлердің жалпы жиналысы) «KEGOC» АҚ мен оның қызметкерлерінің қызметіне қатысты өтініштер мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе шығарылады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысы ұсынылған шешімді қараған немесе қарамаған жағдайда тәуекелдер туындамайды.

3. Қоғам аталған мәселе бойынша шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдар болжамдалмайды.

4. Аталған мәселені «KEGOC» Директорлар кеңесі 2016 жылғы 25 мамырда алдын ала қарады (№ 3 хаттама).

**«Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының қызметіне қатысты өтініштер жөніндегі мәселелерді қарау және оларды қарау қорытындылары туралы» «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша қабылданған шешім**

Күн тәртібі мәселесін қарай отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының қызметіне қатысты өтініштері жоқ екені туралы ақпарат назарға алынсын.